

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 қараша N 1533

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының прокурорлық қадағалау мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 8 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 8, 131-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 23, 931-құжат):

1) 1 5 - б а п т а :

он алтыншы, он жетінші абзацтар "тоқтатуға" деген сөздің алдынан "жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмамыншы, жиырма бірінші абзацтар "тыйым салуға" деген сөздердің алдынан "жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Он алтыншы - жиырма бірінші абзацтармен көзделген хабарламаны ала отырып, прокурор жүргізілген іс-әрекеттердің заңдылығын тексереді және олардың заңсыздығы жағдайында өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін ж о я д ы . " ;

2) 1 7 - б а п т а :

төртінші бөлік "ерекше жағдайларда" деген сөздерден кейін "жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Төртінші бөлікпен көзделген хабарламаны ала отырып, прокурор жүргізілген іс-әрекеттердің заңдылығын тексереді және олардың заңсыздығы жағдайында өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды."

2. "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Z944000_ Заңына (Жоғарғы Кеңестің Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; 2001 жылы 22 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмыстық-атқару жүйесін реформалау және осы жүйе қызметкерлерінің мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Z010244_ Заңы):

1) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы в-1) тармақшамен толықтырылсын:

"в-1) өздері жүргізетін қадағалау тексерулері бойынша прокурордың қаулылары;"

2) 11-баптың 3-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- бейне-, аудиотехниканы немесе өзге де арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазу, сондай-ақ телефондармен және басқа да сөйлесу құрылғыларымен жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазу;"

3) 1 2 - б а п т а :

4-тармақтың бірінші бөлігі "Заңмен қорғалатын" деген сөздерден кейін "жеке адамға тиіспеушілік," деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ "рұқсат етіледі" деген сөздердің алдынан ", сөздерді тыңдауға және жазып алуға," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 25-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың тарапынан заңдылықты бұзушылықтарды анықтау мақсатында прокурор прокуратура органдарының қызметкерлерін және арнаулы техникалық құралдарды пайдаланып, өзге де м а м а н д а р д ы т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы . " .

3. "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Z960048_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат):

1 0 - б а п т а :

төртінші бөліктің сегізінші абзацы "ішінара немесе толық" деген сөздердің алдынан "жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы бөлік "рұқсат етіледі" деген сөздердің алдынан "жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың төртінші бөлігінің сегізінші абзацы мен алтыншы бөлігінде көзделген хабарламаны ала отырып, прокурор жүргізілген іс-әрекеттердің заңдылығын тексереді және олардың заңсыздығы жағдайында өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды."

4. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Z970067_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1993 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 жылы 3 тамызда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылы 2 тамызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 11 шілдедегі Z010239_ Заңы):

1) 27-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Банкроттық туралы іс қозғау жөніндегі ұйғарымға шағым берілуі немесе азаматтық іс жүргізу заңдарымен белгіленген тәртіппен наразылық білдірілуі мүмкін.";

2) 30-баптың бірінші абзацы "Несие берушінің немесе" деген сөздерден кейін "прокурордың не" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 31-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы "несие берушілерге" деген сөздерден кейін ", прокурорға" деген сөзбен толықтырылсын.

5. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Z952368_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13, 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 46-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 20, 717-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; N 10, 244-құжат; N 18, 338-құжат; 2001 жылы 16 қазанда "Егемен Қазақстан" "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік органдар

қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қаңтардағы Z010247_ Заңы):

1) 100-баптың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын: " Оң қорытынды алғаннан кейін кеден органдары тауарлар жойылғанға дейін бұл туралы прокурорға жиырма төрт сағаттың ішінде хабарлауға міндетті. Хабарламаны ала отырып, прокурор жүргізілген іс-әрекеттердің заңдылығын тексереді және олардың заңсыздығы жағдайында өз қаулысымен кеден органы шешімінің күшін жояды.";

2) 1 4 0 - б а п т а :

а л т ы н ш ы б ө л і к :

"шешім" деген сөздің алдынан "прокурор рұқсат беретін" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын: "Прокурордың рұқсат беруі талап етілетін іс-әрекеттер кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, онсыз, бірақ оны кейін жиырма төрт сағаттың ішінде хабарлай отырып, жүргізілуі мүмкін. Көрсетілген хабарламаны ала отырып, прокурор жүргізілген іс-әрекеттердің заңдылығын тексереді және олардың заңсыздығы жағдайында өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды." деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

ж е т і н ш і б ө л і к :

"болмаған жағдайда" деген сөздерден кейін "жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын: "Көрсетілген хабарламаны ала отырып, прокурор жүргізілген іс-әрекеттердің заңдылығын тексереді және олардың заңсыздығы жағдайында өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың к ү ш і н ж о я д ы . " ;

3) 2 0 7 - б а п т а :

"кез келген тұлғаның" деген сөздерден кейін "прокурор кіруге рұқсат беретін үй-жайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын: "Прокурордың рұқсат беруі талап етілетін іс-әрекеттер кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, онсыз, бірақ оны кейін жиырма төрт сағаттың ішінде хабарлай отырып, жүргізілуі мүмкін. Көрсетілген хабарламаны ала отырып, прокурор жүргізілген іс-әрекеттердің заңдылығын тексереді және олардың заңсыздығы жағдайында өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды." деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

6. "Банкілер және банктік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Z952444_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86 - құжат) :

51 - баптың 1 - тармағында :

екінші бөліктегі "прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып," деген сөздер "прокурордың рұқсат беруімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 Z952709_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 15, 208-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2001 жылы 16 қазанда "Егемен Қазақстан" "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қаңтардағы Z010247_ Заңы):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы " ;

2) кіріспе алынып тасталсын;

3) бүкіл мәтін бойынша "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңның", "Заңмен", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 6 - бапта :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) прокурорлардың қадағалау қызметін және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзге де қажетті шаралар қабылдауға міндетті.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Прокурорлардың өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың меншік нысанына қарамастан үй-жайларына кедергісіз кіруіне, олардың басшыларымен және басқа да лауазымды алаңдармен тексеру мәселелері бойынша дереу қабылдануына, құжаттар мен материалдарға қол жеткізуіне, сот істерімен танысуына және оларды талап етіп алдыруына құқығы бар.";

мынадай мазмұндағы 6-8-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Лауазымды адамдар мен азаматтар прокурордың талап етуі бойынша айғақтар беру үшін олар белгілеген мерзімде келуге міндетті. Шақыру жазбаша хабарлама-шақырумен ресімделеді және қолхат алынып, тапсырылады. Хабарлама, сондай-ақ телефонограммамен, жеделхатпен немесе оның тиісінше берілуін

қамтамасыз ететін басқа да байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберілуі мүмкін

7. Прокурордың талаптарын орындамау заңмен көзделген жауапкершілікке әкеп соғады. Прокурор өзінің ұйғарымдары мен қаулылары орындалмаған жағдайда, өз құзыреті шегінде оларды мәжбүрлеп орындатуға жіберуге құқылы.

8. Прокурор оның іс жүргізуінде жатқан істер мен материалдардың мәнісі бойынша заңда көзделген басқа жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, қандай да бір түсініктемелер беруге, сондай-ақ кімге де болсын танысу үшін беруге міндетті емес. Ешкімнің де іс жүргізуінде жатқан тексеру материалдары мен істерді олар аяқталғанға дейін прокурордың рұқсатынсыз жария етуге құқығы жоқ.";

5) 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Прокурордың талаптары мен актілеріне шағым беру олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сот не жоғары тұрған прокурор прокурордың әрекетіне немесе

актісіне арыз (шағым) бойынша шешім шығарылғанға дейін олардың орындалуын тоқтатып тұра алады.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жоғары тұрған прокурор азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдары бойынша не өз бастамасы бойынша төменгі прокурордың актілерінің күшін жоя не кері қайтара алады.";

6) 11-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды";

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер беру туралы Жоғарғы Соттың Жалпы отырысының қарауына ұсыныстар енгізеді";

7) 12-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бас прокуратураның құрылымын және оның қызметкерлерінің өкілеттіктерін Бас прокурор белгілейді.";

4-тармақ алынып тасталсын;

8) 18-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Нормативтік құқықтық актілердің күшін тоқтата тұратын прокурорлық қадағалау актілері жариялауға жатады.";

9) 20-бапта:

2-тармақта:

"тастау," деген сөзден кейін "қарау" деген сөзбен толықтырылсын;

"тоқтата тұру туралы" деген сөздерден кейін "прокурордың талабын мәжбүрлеп орындату туралы, жеткізу (әкелу) туралы," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Прокурордың қаулысын уәкілетті органның немесе лауазымды адамның заңмен белгіленген мерзімде, ал мұндай мерзім болмағанда, прокурордың белгілеген мерзімінде міндетті орындауына жатады. Қаулының орындалу нәтижелері туралы прокурорға дереу хабарланады. Прокурордың қаулысын белгіленген мерзімдерінде орындамау заңмен көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.";

1 0) 2 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2), 5-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) бейне-, аудиотехниканы немесе өзге де арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазу, сондай-ақ телефондармен және басқа да сөйлесу құрылғыларымен жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазу;

5-2) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің лауазымды адамдарын қоспағанда) банктік құпиялары бар құжаттарға қол жеткізу;

5-3) жеке және заңды тұлғалардың банктерде тұрған ақшалары мен басқа да мүлкіне тыйым салу және жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарына шығыс (корреспонденттіктен басқа) операцияларды тоқтата тұру;"

2-тармақ "санкция сұрауға" деген сөздердің алдынан "жиырма төрт сағаттың ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 23-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Прокурор өз қаулысымен арызды сотта қарағанға дейін наразылық білдірілген актінің күшін тоқтата тұруға құқылы.";

1 2) 2 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Заңды бұзу ашық сипаттағы және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне егер дереу жойылмайтын болса, елеулі зиян келтіруі мүмкін болған жағдайларда ұйғарым енгізіледі. Ұйғарым нормативтік құқықтық актілерге шығарыла алмайды." ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұйғарым прокурор белгілеген мерзімде міндетті орындауға жатады. Ұйғарымның орындалуы туралы прокурорға дереу хабарланады. Прокурордың ұйғарымын орындамау заңмен көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Ұйғарымға жоғары тұрған прокурорға не сотқа шағым берілуі мүмкін. Ұйғарымға шағымның берілуі оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

5. Жоғары тұрған прокурор немесе сот шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін ұйғарымның орындалуын тоқтата алады.";

13) 25-баптың 2-тармағының бірінші сөйлемінде "Ұсынысты лауазымды адам немесе орган" деген сөздерден кейін "заңдылықтың бұзылуын болдырмау, сондай-ақ оларға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы шараларды міндетті түрде қабылдай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

14) мынадай мазмұндағы 26-1-баппен толықтырылсын:

"26-1-бап. Прокуратураның құқықтық актілерін мәжбүрлеп орындау шаралары

1. Прокурордың қаулылары мен ұйғарымдарын ерікті түрде орындамаған жағдайда, ол мүлкінен мәжбүрлеп айыруды көздейтіндерін қоспағанда, прокурордың талаптарын мәжбүрлеп орындау туралы қаулы шығаруға және оны орындау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберуге құқылы.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар прокурордың тиісті қаулысын алуына қарай оның орындалуына дереу шаралар қабылдауға міндетті.

3. Прокуратура органдарына айғақ беру үшін келуден лауазымды адам, азамат бас тартқан жағдайда, прокурор мұндай адамды жиырма төрт сағаттың ішінде ішкі істер органдарымен орындалатын прокуратура органдарына жеткізу (әкелу) туралы қаулы шығаруға

құқылы." ;

15) 29 - бапта :

1 - тармақта :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жүргізілетін тексеріс мәселелері бойынша азаматтар мен лауазымды адамдарды шақыруға және олардан көрсетімдер алуға";

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) банктерден жүргізілетін тексеру мәселелері бойынша заңды және жеке тұлғалардан операциялар мен шоттар бойынша мәліметтер алуға;

2-2) жасырын қылмыстарды анықтау мақсатында құзыретті органдардан олардың нәтижелері туралы хабарлап, жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыруды талап етуге;"

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тексеруді жүзеге асыруға тартуға;"

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) сараптама тағайындауға;" ;

2-тармақтың 3) тармақшасы "құқық бұзушылық туралы іс жүргізу" деген сөздерден кейін ", прокурордың талабын мәжбүрлеп орындату, жеткізу (әкелу)" деген сөздермен толықтырылсын ;

16) 30-баптағы "(кассациялық)" деген сөз алынып тасталсын;

17) 33-баптағы "Пленумына" деген сөз "жалпы отырысына" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 8) 4 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Прокурор - өз құзыреті шегінде заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, өзге де нормативтік құқықтық актілердің нақты және бірыңғай қолданылуына, жедел іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеу мен сот актілерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"Мыналар прокурорлар болып табылады: Республиканың Бас Прокуроры, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, ерекше тапсырма жөніндегі көмекшілері, прокуратура органдары департаменттерінің, басқармаларының және бөлімдерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары, барлық төмен тұрған прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, қадағалау саласы бойынша прокурорлар, аға прокурорлар және прокуратура органдары басқармалары мен бөлімдерінің прокурорлары, сондай-ақ әскери, уәкілетті және арнаулы прокурорлар.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Прокуратура органдарындағы қызмет мемлекеттік қызметтің арнаулы түрі болып табылады.";

19) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Прокуратура органдарының сыныптық шендері, әскери атақтары және нысанды киімдері

1. Прокуратура органдарының қызметкерлеріне атқаратын қызметіне, біліктілігіне және арнаулы қызметтегі өтіліне сәйкес мынадай сыныптық шендер мен әскери атақтар беріледі:

жоғары сыныптағы мемлекеттік әділет кеңесшісі;

1 сыныптағы мемлекеттік әділет кеңесшісі, әділет генерал-полковнигі;

2 сыныптағы мемлекеттік әділет кеңесшісі, әділет генерал-лейтенанты;

3 сыныптағы мемлекеттік әділет кеңесшісі, әділет генерал-майоры;

аға әділет кеңесшісі, әділет полковнигі;

әділет кеңесшісі, әділет подполковнигі;

кіші әділет кеңесшісі, әділет майоры;

1 сыныптағы заңгер, әділет капитаны;

2 сыныптағы заңгер, аға әділет лейтенанты;

3 сыныптағы заңгер, әділет лейтенанты;

кіші заңгер, прапорщик, мичман.

2. Жоғары сыныптағы мемлекеттік әділет кеңесшісінің, 1, 2 және 3 сыныптағы мемлекеттік әділет кеңесшілерінің сыныптық шендерін, әділет генералдарының әскери атақтарын Қазақстан Республикасының Президенті береді.

3. Сыныптық шендер немесе әскери атақтар берілген прокуратура органдарының қызметкерлері нысанды киімдермен тегін қамтамасыз етіледі.

4. Айырым белгілері мен нысандардың үлгілері, нысанды киімдерді киіп жүрудің тәртібі және қамтамасыз ету нормасы, сондай-ақ сыныптық шендерін немесе әскери атақтарын беру және айыру тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Прокуратура органдарында қызмет өткеру туралы ережемен белгіленеді.

5. Сыныптық шендері немесе әскери атақтары бар адамдарға заңға сәйкес сыныптық шендері үшін қосымша ақы немесе әскери атақтары бойынша жалақы белгіленеді. "

8. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 U952707_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 жылы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылы 16 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі мен Қазақстан Республикасының ІІМ ішкі әскерлері қолбасшысы өкілеттіктерінің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 11 маусымдағы Z010208_ Заңы; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 2001 жылы 22 тамызда жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмыстық-атқару жүйесін реформалау және осы жүйе қызметкерлерінің мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Z010244_ Заңы; 2001 жылы 16 қазанда "Егемен Қазақстан" "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қаңтардағы Z 0 1 0 2 4 7 _ Заңы) :

10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:
"12-1) азаматтар мен лауазымды адамдарды мәжбүрлеп жеткізу (әкелу) туралы

прокурордың қаулыларын орындауға, сондай-ақ прокурордың өзге де жазбаша тапсырмалары мен оның құзыреті шегінде шығарылған талаптарын орындауға;"

9. Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 Z952710_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 жылы 16 қазанда "Егемен Қазақстан" "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әскери қызметшілердің құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қаңтардағы Z010247_ Заңы):

12-бап мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) олардың қадағалау функцияларын жүзеге асыруына байланысты прокурордың жазбаша талаптарын орындауға міндетті."

10. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 U952727_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 168-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 277-құжат):

18-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Құқықты тіркеу прокурорлық қадағалау актілерінің негізінде тоқтатыла тұруы мүмкін."

11. "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Z970078_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 53-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; 2001 жылы 19 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 11 шілдедегі Z010237_ Заңы):

28 - бапта:

2-тармақ "шот иеленушінің жазбаша келісімі негізінде кез келген үшінші тұлғаға" деген сөздерден кейін "не тексеру жүргізу туралы қаулының негізінде прокурорға" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "уәкілетті органның" деген сөздерден кейін үтір қойылып, "прокурордың" деген сөзбен толықтырылсын.

12. "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7

мамырдағы Z970098_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 91-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат):

11-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"прокурордың талабы бойынша сұралатын ақпаратты ақысыз беруге".

13. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Z970160_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 жылы 8 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылы 7 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 маусымдағы Z010205_ Заңы):

7 7 - б а п т а :

2-тармақтың сегізінші абзацы "тоқтата тұру туралы" деген сөздерден кейін " жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып," деген сөздер мен толықтырылсын;

3-тармақтың төртінші бөлігі "аталған мерзімге" деген сөздерден кейін "жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың екінші және үшінші тармақтарында көзделген хабарламаларды ала отырып, прокурор жүргізілген іс-әрекеттердің заңдылығын тексереді және олардың заңсыздығы жағдайында өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды."

14. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық K970167_ кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 54-құжат):

14-тарау мынадай мазмұндағы 321-1-баппен толықтырылсын:

"321-1-бап. Прокурордың қызметіне кедергі жасау және заңды талаптарын қасақана орындамау

Егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқтырса, прокурорлық қадағалау актілерін қасақана орындамау, сол сияқты оның қызметіне кедергі жасау,

есептік айлық көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде немесе айыпталушының екі айдан алты айға дейінгі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұлмен не 180-нен 240 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартумен не алты айға дейінгі мерзімге қамауға алумен не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен жазаланады."

15. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Z980253_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 13, 195-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 23, 922-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат):

- 1) 5-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын: "4-1) прокурордың талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы оның қаулысы;"
- 2) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын: "б) прокурордың қаулылары - үш айдың ішінде."

16. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Z980267_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 15, 209-құжат; 1999 ж., N 21, 174-құжат; 2000 ж., N 5, 116-құжат; 2001 жылы 9 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылы 16 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 маусымдағы Z010206_ Заңы; 2001 жылы 20 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2001 жылы 17 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы полициясы органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Z 0 1 0 2 4 0 _ З а ң ы) :

- 1) 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген органдар олардың өкілеттіктерінен туындайтын шараларды қабылдауға және жауапты мемлекеттік лауазымдағы адамдар жасаған сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтаудың барлық жағдайлары туралы құқықтық статистика және ақпарат органдарына дереу мәліметтер жіберуге міндетті.;"

- 2) 16-баптың 1-тармағы "салық органдарына" деген сөздердің алдынан

"құқықтық статистика және ақпарат органдарына," деген сөздермен толықтырылсын.

17. "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы

Z 0 0 0 0 8 5 _

Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 14, 281-құжат):

19-баптың 5-тармағы "прокуратураға" деген сөзден кейін "жиырма төрт сағаттың ішінде" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК